



Оқу жүктемесі жеңілдейді

Білім беру саласы қызметкерлерінің дәстүрлі Тамыз кеңесі бірнеше жылдан бері биыл офлайн режимде өтті. Тамыз айының басынан бері облыстық, қалалық деңгейлерде өткен пленарлық отырыстардың қорытындысы ретінде ұйымдастырылған конференцияда биылғы өзгерістер айтылып, алдағы міндеттер айқындалды. Жиынға Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов, салалық министрлер, әкімдіктердің өкілдері, педагогтер қатысты.

Тамыз кеңесінің ашылуында сөз алған Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов осыған дейін атқарылған жұмыстар мен жаңа оқу жылындағы жаңалықтар жөнінде баяндады.

– Президенттің тапсырмасы аясында педагог мәртебесін арттыруға бағытталған істерді атқарып келеміз, бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Педагогтердің жалақысы артты, ке-

педагогтердің 56 күндік еңбек демалысына еш әсер етпейді. Және мектеп директорлары сенбіде мұғалімдерді әдістемелік жұмыстарды сылтауратып жұмысқа шақырмауы керек, – деді министр.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру. Министрдің мәлімдеуінше, балабақша – барлық білім беру жүйесінің іргетасы. Сондықтан ауқымды әлеуметтік саланың осы сатысына ведомство ерекше назар аударады. Халықаралық білім беру деңгейін анықтайтын зерттеулер балабақшадағы тәрбие мен білім сапасында өзекті мәселелер бар екенін көрсетіп отыр. Сол себепті балабақшалар жұмысының жаңа моделі қабылданды. Енді барлық жұмыс балаларға бағытталады. Қазір қанатқақты жоба ретінде апробациядан өткізіліп жатқан «Екі тәрбиеші» жобасы еліміздегі мектепке дейінгі ұйымдарға енгізіле бастайды. Өйткені бір топта отыратын 25-30 баланың тәрбиесімен

стап қосылады. Ал орыс тілінде білім алатын оқушылар 1-сыныпта қазақ тілі мен орыс тілін оқиды, ағылшын тілі 3-сыныптан қосылады. Еңбекке баулу пәні де жаңа оқу жылынан бастап бөлек оқытылады. Сондай-ақ «Цифрлы педагог» жобасы осы оқу жылынан бастап барлық мектепте іске асырылады. Елімізде 500 мыңға жуық үлгерімі төмен балалар бар. Осы оқушылар үшін әр жұма сайын әр пән бойынша қосымша сабақтар беріледі. Қосымша сабақтарды пән мұғалімдері ғана емес, психологтер де жүргізеді.

– «Цифрлы педагог» жобасы шағын жинақты мектептердегі кадр мәселесін шешуге көмектесті. Мұндай мектептерде сағат саны аз болғандықтан және маман жетіспейтіндіктен бір мұғалім бірнеше пәннен сабақ беретінін білеміз. Ал жоба арқылы мықты мұғалімдерді шағын жинақты мектептерде қашықтан сабақ беруге тартамыз. Бұл ретте



Мемлекет басшысы Сочидегі келіссөздің қорытындысына көңілі толатынын жеткізді

Қазақстан Президентінің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай Мемлекет басшысының кешегі Сочиге жұмыс сапары жайлы пікір білдірді, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сочиде ұзаққа созылған жеке кездесудегі келіссөздің қорытындысына көңілі толатынын жеткізді. Мемлекет басшысының пікірінше, келіссөз өзара сенім әрі іскерлікпен ерекшеленген айырықша достық атмосферада өтті. Президент сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастыққа, екі елдің халықаралық аренадағы өзара іс-әрекетіне қатысты барлық мәселелер жан-жақты талқыланғанын атап өтті. Мемлекет басшылары өз деңгейіндегі уағдаластықтарды екі ел үкіметтерінің тұрақты түрде жүзеге асыруы маңызды деп түсінеді», деп жазды Руслан Желдібай Facebook парақшасында.

Оның айтуынша, Президенттер тұрақты жұмыс байланысын одан әрі жалғастыруға келіскен.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинге құрметі мен қонақжайлығы үшін шынайы ризашылығын білдірді.



лесі жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен тағы да 25 пайызға көбейеді. Жалақы мәселесі айтылғанда көпшілік тек мектеп мұғалімдеріне ғана қосылды деп қабылдайды, шын мәнінде 2019 жылдан бастап және келер жылы да балабақша, колледж, қосымша білім беру ұйымдарындағы қызметкерлердің жалақысы артады. Келесі бір маңызды мәселе – біз мектептегі оқу жүктемесін азайттық, – деді А.Аймағамбетов.

– Осыған орай оқу жылын 31 мамырға дейін ұзарттық. Үш ауысымды мектептерден басқа барлық оқу ошағы бескүндік жұмыс форматына көшеді. Бұл мектептердің директорлары, бірінші басшының орынбасарлары, білім басқармалары мен бөлімдері, барлық жұмыскер мен мұғалімге қатысты. Біз мұғалімдер сенбі күні өз отбасымен бірге демалуы керек деп санаймыз. Оқу жылын ұзарту арқылы осындай мүмкіндікке қол жеткіздік. Мұндай өзгеріс

бір тәрбиеші нәтижелі айналыса алмайды.

– 2018 жылы «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығына жоғары білім алу үшін өткізілген конкурста 1 орынға 8 адам таласқан болатын. Қазір бір орынға 0,7 талапкерден келіп отыр. Яғни білім берудің осы бағытында жұмыс істегісі келетіндер жоқтың қасы. Сол себепті біз дәл балабақша педагогтерінің жалақысын өсіруге көңіл бөлмеппіз, өйткені олардың еңбекақысы өскеннің өзінде тым аз. Келесі жылы біліктілік курстарын 3 есе көбейтеміз. Соның ішінде мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың мамандарын біліктілік курстарымен қамтимыз, – деді А.Аймағамбетов.

Орта білім беру. Ведомство басшысының айтуынша, биылғы қыркүйектен бастап қазақша білім алатын сыныптардағы балалар 1-сыныпта тек қазақ тілін пән ретінде оқиды, орыс тілі 2-сыныптан, ағылшын тілі 3-сыныптан ба-

жағын жинақты мектептерде еңбек етіп жүрген мамандар жұмыссыз, сағатсыз қалмайтынын ескеру керек. Олар қашықтан сабақ беретін мұғалімдерге ассистент ретінде сабаққа толығымен қатысып, сол сәтте өзі де кәсіби тұрғыдан жетілуге мүмкіндік алады, – деді министр.

А.Аймағамбетовтің айтуынша, білім беру саласындағы менеджмент мәселесі кезек күттірмей шешуді талап етеді. Әрине, мұғалімнің еңбегі, кәсібилігі өте маңызды, бірақ білікті басшы болмаса, басқа жұмыстар нәтиже бермейді. Себебі қазіргі таңда мектеп, колледж директорларына бос вакансия көп. Өйткені білім беру ұйымдарындағы басшылардың жалақысы педагогтерден төмен, бірақ жауапкершілігі жоғары. Жаңа оқу жылында осы мәселені шешу жолға қойылмақ.

«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.

Қазақстан халқына қоры тұрғындарды алаяқтардан сақ болуға шақырды

Тұрғындарға «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры атынан алаяқтардың қоңырау шалу деректері тіркелді, деп хабарлайды Egemen.kz.

«Құрметті қолданушылар, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры алаяқтық фактілері көбейіп жатқанын ескертеді. Алаяқтар өздерін қор өкілдері ретінде таныстырады. Оларға тұрғындарға жәрдем ұсынып, «Қазақстан халқына» қорына жүгінгендер материалдық төлемге ие бола алатынын айтады. Сондай-ақ, қолдау көмегін алу үшін алаяқтар абоненттерден «1414» қысқа нөмірінен SMS-хабарлама арқылы жіберілген кодты жазуды, содан кейін «Қазпошта» АҚ арқылы ақша алуды сұрайды. Қазақстан хал-

қына» қоры «Қазпошта» АҚ арқылы қолма-қол төлемдерді тағайындамайды және қор қызметкерлері ешбір жағдайда SMS-код сұрамайды. Алаяқтармен ешқандай ақпаратпен бөліспеңіз. Сонымен қатар «1414» нөмірінен алынған құпия кодты үшінші тұлғамен бөліспеңіз. Барлық өтінім тек qazaqstanhalqyna.kz және atamekenim.kz қайырымдылық ұйымының сайтында бірыңғай реестр арқылы қабылданады. Ол жерде қолданушы өз өтініші жайлы толық ақпарат ала алады», делінген хабарламада.

Осы орайда қор қазақстандықтарды сақ болуға шақырады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ: дайындық барысы қалай?

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы Бегімбет Байғараев, мәслихат депутаты Берік Тұрғанбаевпен бірге Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдары мен Қыземшек кентінде орналасқан жалпы орта мектептердің жаңа оқу жылына дайындығы барысымен танысты. Білім беру мекемелерінде жаз айларында жүргізілген ағымдағы жөндеу жұмыстары, жылу



қазандықтарының жай-күйі, оларға қажетті қатты, сұйық отындардың жеткізілуі, сондай-ақ, оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі барысы, жаңа ережелерге сәйкес, педагог кадрлардың жүктемелер бөлінісі, т.б. мәселелерге назар аударылды. Зерделеу жұмыстарының қорытындысы бойынша ауданның аталған сала басшылығына алдағы уақытта тиісті ұсыныстар берілетін болады.

Жаңа оқу жылына арналған жәрмеңке өтті

Аудан орталығы Шолақорған ауылы, Жібек Жолы көшесінде аудан әкімдігі мен Түркістан облысы «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы, Созақ аудандық филиалының ұйымдастыруымен оқушылардың мектеп формасына жәрмеңке өтті. Жәрмеңкені аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аралап көрді.

Жәрмеңкеде ауыл, кент округ әкімдіктерінен келген

дан 12 %-ға дейін, аяқ киім 10%-ға дейін, ал сәмкелер 50%-ға дейін жеңілдікпен халыққа ұсынылды.

Шолақорған ауылының тұрғыны Тәшімбетова Бибіғайша, -Оқушылардың мектеп формасының сапасы жақсы. Бағалары қолжетімді. Халықтың көңілінен шығып жатыр. Жәрмеңкені ұйымдастырушыларға, кәсіпкерлерге алғысымыз шексіз,- дейді.



тұрғындар жаңа оқу жылына қажетті мектеп формасын, канцеляриялық құрал-жабдықтарды сатып алды.

Мұнда «Балақай», «Арзан» және тағы басқа сауда орындарынан мектеп формасын, аяқ киім нарықтан арзан бағада сатылды. Мәселен оқушыларға қажетті канцеляриялық құрал-жабдықтар 10 %-дан 15%-ға дейін, мектеп формасы 10%

Сатып алушыларға жәйлі болу үшін, арнайы киімдер мен аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен киім қысқартатын тігіншілер тартылды. Сондай-ақ аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының қатысуымен әуендер орындалды. Жәрмеңке екі күнге созылды.

«Созақ үні»-ақпарат.



АҚЖОЛДЫҚТАР АУДАНЫМЫЗҒА ІС САПАРМЕН КЕЛДІ

Облыс көлеміндегі аудандық мәслихаттардың депутаттығына «Ақжол» партиясынан сайланған депутаттар мен қонақтар ауданымызда іс сапармен болды. Бұл іс сапар партияның бекітілген іс жоспары аясында аудандардағы кәсіпкерлік нысандарды аралау, олардың тыныс-тіршілігімен танысу мақсатында игі іс болатын. Халық қалалаулылары мен

ұсату мәселелер бойынша сан салалы сұрақтар қойылды.

Осы күні «Қайырлы да сауапты істер, адам баласын түрлі қауіп-қатерден сақтайды» деген өнегелі істі арқау еткен ақжолдықтар отбасында әлеуметтік жағдайы төмен 20 отбасыға қайырымдылық шарасын да қатар өткізіп жатты. Меймандар аудандағы ке-

Ұлт мұрасын қадірлей білген ел азаматтарына алғысым шексіз, бұл да болса ынтымақ пен ырыстың, өткен тарихымызды құрметтей білудің зор үлгісі,-деп ризашылық пейілдерін танытты.

«Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» деген қариялары аудандық ардагерлер кеңесінде күтіп отырғанынан хабардар қонақтар соңғы жол сапар мәресін аудандық ардагерлер үйіне тіреді. Онда ауыл ақсақалдарымен жүзесіп ел мен жердің өзекті мәселелері туралы, бүгінгі ауданға келген сапарындағы ойына түйген жылы пікірлерін ортаға салды. Аудан қариялары ат арытып келген халық қалаулылары мен меймандарға ақ батасын беріп, зор аманат жүгін арқалата «амандықта кездесуді нәсіп етсін!» деп қайыр қош айтыса шығарып салды.

Кездесуге аудан басшылары тарапынан аудандық мәслихат хатшысы Б.Байғараев, аудан әкімінің орынбасарлары Қ.Оразов, А.Сатыбалды, «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Е.Сағындық, аудандық қо-



облыстың түрлі салаларын қызмет атқаратын мемлекеттік қызметкерлер Созақ ауданына келген сапарларында алдымен кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығында аудан кәсіпкерлерімен кездесіп, кәсіпкерлердің ойларында жүрген ұсыныс-пікірлерін тыңдап, біршамасына нақты жауаптар берді. Ал уақытты қажет ететін ұсыныстарды қойын дәптеріне түртіп алып, тиісті сала басшыларының назарына ұсынатынын айтты. Сонымен қатар, осы күні индустриалды аймақта орналасқан «UKO-S-Star» метал құрастыру зауыты мен «Дархан-Ас» өндірістік кооперативінің ас тұзын өңдеу зауытының жұмысымен танысты.

Кездесу барысында зауыт басшыларын толғандыратын мәселелер сөз болды. Аудандық мәслихаттың депутаттығына «Ақжол» партиясынан сайланған депутатымыз Елдос Қабылбекұлы зауыт жұмысын жандандыру мақсатындағы тың ұсыныстарын, жеткен жетістіктері мен жинаған тәжірибелерін ортаға салды. Сондай-ақ, басқа да өндіріс орындарын дамыту, өндірген өнімдерді

зекті сапарларын Сұлтанбек Қожанов атындағы аудандық өлкетану музейінде жалғастырды. Онда музей экспонаттарымен танысып, ашылған жаңа жайдың залдарын аралап көріп, «Музейдің қадірменді қонақта-



ры» кітабына өзінің қолтаңбаларын қалдырып, музей қызметкерлерімен естелікке суретке түсті.

-Созақ өлкесі киелі де, қасиетті мекен. Мұнда осындай көркем, ғажайып мәдени орынның болуы заңдылық.

ғамдық кеңестің төрағасы М.Сапаров, аудандық мәслихаттың депутаты Елдос Қабылбекұлы, аудандық кәсіпкерлік палатасының директоры А.Анарбаев қатысты.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

«Сот кабинеті» сервисінің мүмкіндіктері

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты интернет-ресурсының «Сот кабинеті» модулі құрылған, сол арқылы жеке және заңды тұлғаларға және олардың заңды өкілдеріне соттарға электронды формаларды толтыру арқылы электронды құжаттар мен іс материалдарын жолдау мүмкіндігі қарастырылған. Бүгінде сот органдарымен электронды хат алмасу мүмкіндігі туындап отыр, бұл заңды, жеке тұлғалармен қатар мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарға да қолжетімді.

Жеке және заңды тұлғалар немесе олардың өкілдері «Сот кабинетінде» орналастырылған электрондық нысандарды толтыру арқылы электрондық құжаттарды сотқа ұсынуға құқылы. Бұл үшін көрсетілген адамдар «Сот кабинетіне» тіркелуі қажет.

«Сот кабинетіне» тіркелу ЖСН-нің немесе БСН-нің және парольдің көмегімен жүзеге асырылады.

«Сот кабинетіне» тіркелген адам электрондық құжаттарды беру сервисінің пайдаланушысы болып табылады.

Электрондық құжаттарды беру сервисін пайдаланушы «Сот кабинетіне» тіркелу рәсімінен өткеннен кейін:

- 1) талап арызбен;
- 2) сот отырысының хаттамасын ұсыну туралы арызбен;
- 3) сот отырысының хаттамасына ескертумен;
- 4) өтінішпен сотқа жүгіне алады.

Сотқа ұсыну үшін арыз мәтіндік форматта жүктеледі (қарпі 14 Times New Roman, жартылай интервал)

Әрбір жеке құжат құжаттарды беру жүйесінде жеке файл түрінде жүктелуге тиіс. Файлдардың саны сотқа берілетін құжаттар санына сәйкес келуі керек.

Пайдаланушы жүктеуін файлдың форматы *doc, *docx, *pdf, *jpeg сәйкес келуі тиіс. Файлдың ең үлкен көлемі 10 МВ-дан аспауға тиіс.

Сервис жетілдірілуде және сот жүйесінің басты электрондық сервисі ретінде өзге бейнеден көрінуде. Бүгінгіге азаматтарға ыңғайлы болу үшін сот бйырығын шығаруға арналған арызды жіберуге сервисі бөлек шығарылды, сондай-ақ:

- жеңілдетілген тәртіппен шығарылған шешімнің күшін жою туралы арыз;
- мемлекеттік бажды қайтаруға арыз;
- жеке айыптауға шағым;
- үкімді орындауға енгізгенге дейін сотталған адаммен кездесуге рұқсат беруге арыз жіберу үшін азаматтық және қылмыстық істер бойынша жаңа сервисі іске қосылды.

Осы арыздар мен шағымды жіберу үшін пайдаланушы өтініштің ұсынылған нысанын толтырып, қоса берілетін құжаттардың сканерленген көшірмелерін жүктеуі және электрондық цифрлық

қолтаңбамен қол қойып, тиісті сот органына жіберуі қажет. Осылайша, пайдаланушыға сотқа барудың және кезекте тұрудың қажеті жоқ. Бұл азаматтардың уақытын және қаржы шығындарын айтарлықтай үнемдейді. Сондай-ақ кез келген ыңғайлы уақытта өтініштің және істің қаралу барысын қарап шығуға болады.

Сонымен қатар, сот процесін кейінге қалдыру, талап қоюды қамтамасыз ету туралы арыздың күшін жою туралы арызды жіберу үшін сервисі іске қосылды және «Сот кабинетінің» мобильдік қосымшасы жаңғыртылды. Сервистің жаңа мүмкіндіктеріне байланысты әр қызмет бойынша жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықтар мен бейнесабақтары жаңартылды.

Мобильді қосымша арқылы құжаттың үш түрін жіберуге болады:

1. Талап арыз;
 2. Өтініш;
 3. Хаттарды жіберу
- Құжаттарды тапсыру үшін Сізге «Құжаттарды жіберу» бөліміндегі үш функционалдың бірін таңдау қажет.

Құжатқа қол қою үшін құрылғыға «msign» қосымшасын орнату қажет.

«Msign» орнатқаннан кейін, осы қосымшаның көмегімен электрондық цифрлық қолтаңбаны орнатыңыз.

Сондай-ақ «Сот кабинеті» сервисінде QR-кодтарының жаңа технологиясы енгізілгендігін хабарлайды.

Халыққа ыңғайлы болу үшін және бірыңғай стандартқа көшу мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде авторизациядан өту және ұсынылатын құжаттарға қол қою тетігі өзгертілді.

- Енді авторизациядан өту және құжаттарға қол қою Egov mobile мобильді қосымшасының Face ID және Touch ID (QR-кодты сканерлеу) арқылы мүмкін болады. Енгізілген жаңашылдық сервиспен жұмысты айтарлықтай дәрежеде жеңілдетті.
- Артықшылықтары:
1. eGovmobile арқылы ЭЦҚ алу;
 2. Компьютерде ЭЦҚ қажеттілігінің болмауы
 3. Тұрақсыз NCAЛауегарқыл ықолқою мәселесі шешілуде;
 4. Мобильді гаджеттердің қосымша параметрлерінің қажеті жоқ;
 5. Мобильді гаджет
 6. арқылы авторизациядан өту және құжаттарға қол қою.

Бұл жаңалықтар «Сот кабинеті» сервисін күнделікті қолдануда тиімдірек болары анық.

Барлық жаңашылдықтар және жаңғыртуды ескере отырып, соттардың халықпен екіжақты өзара іс-қимылына және тұтастай алғанда сот ісін жүргізуді оңайлатуға арналған «Сот кабинеті» бірыңғай, көп функциялы терезе рөлін атқарады.

Ж.ТОҚПАҢБЕТОВА,
Созақ аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

Жуырда редакциямызға Шолаққорған ауыл әкімшілігіне қарасты Қарабұлақ ауылының қадірлі қарияларының бірі Дәулетқали Жүзбаев ағамыз хабарласып, ауыл халқының және өзінің атынан «Созақ үні» газетіне ризашылық ниетінде бір мақала бергісі келетінін мәлімдеген еді. Біз де өз кезегімізде осындай, халық атынан жазылатын ризашылық пейілдегі мақалаларды жиі жариялап отыратындықтан, Дәукеңнің ықыласты ниетін құптай жөнелдік. Сонымен, есімдері ауданымызға мәлім Жүзбаевтар әулетінің қазіргі таңдағы әулетбасы Дәулетқали ағамыздың өзінің және барша Қарабұлақтықтардың атынан айтар ризашылығы мына рәуште болды: «Қамқорлық деген қанымызда бар асыл қасиет. Жанашыр бола білуді, жүрек жылуымен қол ұшын созуды адамның азаматтық парызы деп білуіміз керек. Осындай еліне, жеріне жанашыр азаматтың бірі де бірегейі Жұмағали Шардарбекұлы Жұмашев есімді



Қарабұлақтың қамқор ұлы

жерлесіміз. Жұмағали Шардарбекұлы тумысынан жүрегі таза, тарыққан ағайынға үнемі қол ұшын созып жүретін атымтай-жомарт азамат. Сондай ізгі істерінің бірі ретінде жуырда ғана жүзеге асырған, туған ауылы Қарабұлақ ауылындағы мазаратты аяқ асты етпей, мал кірмейтіндей етіп өз қалтасынан қаржы шығарып, қоршап беруі еді. Сондай-ақ, осы ауылдағы ерлі-зайыпты Күмісбек Жүсіпов пен Сәуле Бекетова деген қарт кісілердің тозығы жеткен үйін көріп, өткен жылы жаңа баспана салып беремін деп уәде берген екен. Сол уәдесін де орындап, биыл шағын етіп екеуіне лайықты үй тұрғызып беріп, өзі келіп кіргізіп кетті. Иә, мынадай экономикалық дағдарыс екі иықтан қысқан алмағайып заманда табан ақы, маңдай терімен тапқан дүниесін ел игілігіне, халық қажетіне ердің ері ғана шашады деп ойлаймын. Әйтпесе, тұрмыс тауқыметін тартып отырған халықтың арқасында арамзалықпен ақша тауып, адал жолға тиын да қимай жүрген сараңдарды да көзіміз көріп жүр. Бірі кем дүние деп осыны айтады.

Жә, бірді айтып бірге кетеміз. Асыл сөз етейін дегенім, елде туып тұзде жүрсе де туған жерінің, ауылының қамқоры боп жүрген нақ осы Жұмағали Жұмашевтай Қарабұлақтың қамқор ұлын аудан халқына кеңінен таныстырып, өзі секілді өзге де жерлестеріне өнеге болсын өмірі мен еңбек жолын және соңғы уақыттардағы соны істерін «Созақ үні» арқылы насихаттау еді. Сонымен, Жұмағали Шардарбекұлы 1954 жылы 7 қазанда Созақ ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Қарабұлақ бастауыш мектебінің табалдырығын аттап, 1969 жылы Балдысу ауылындағы Жамбыл атындағы 8 жылдық мектебін тәмамдайды. Мұнан соң, Шолаққорған ауылындағы Б.Алтынсарин атындағы орта мектепті 1971 жылы бітіріп шығады және 1972 жылы сол кездегі Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетіне түсіп, 1977 жылы жоғары білім алып шығады. Алғаш қызметін 1978-1992 жылдар аралығында Шымкент қаласындағы «Қазақжоба» жобалау институтында бастайды. Онан кейін 1992 жылдан 2000 жылға дейін «Сақ-пресс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, бас редакторы қызметтерін абыроймен атқарады. Ал, 2004-2017 жылдары «Көкшетау» универси-

теті, кейін «Көкше» академиясының ОҚО бойынша филиалына басшы болады. Сондай-ақ, 2008 жылы педагогика ғылымының кандидаты атағын қорғап, 2017 жылдан бері өзінің жеке «Аймақаралық гуманитарлық-техникалық» колледжін және Халықаралық оқу орталығын басқарып келеді. Жұмағали ағамыз қазіргі таңда отбасымен Шымкент қаласында тұрады. Кезінде, 1975 жылдары Созақ ауданында отбасылық Жұмашевтар ансамблін құрып, Жұмағали ағамыз соған жетекшілік еткен. Арнайы музыкалық білімі болмаса да, облысқа танымал ансамбль болғанын замандас, жерлестері жақсы біледі.

Ал енді, Жұмашов Жұмағалидың әкесі Шардарбек көкеміз Сызған совхозында көп жыл бойы ауылшаруашылығында басқарма төрағасы болып қызмет атқарған, өте қарапайым кісі болған көрінеді. Қайнар елді мекенінің кіре берісіндегі жолдың екі жағындағы ағаштарды сол кісі отырғызған екен. Сызған совхозындағы Жұмаділдә есімді директорға Сызған ауылынан Созақ жолына дейін ағаш отырғызу ұсынысын айтқан Шардарбек көкеміздің ұсынысын бірден құптап, жолдың екі жағына отырғызылған ағаштар осы уақытқа дейін жайқалып тұр. Көзін көрген қариялардың айтуынша жасаған жақсылығын жарияламай, қолынан келген қамқорлығын да аямай жасап жүреді екен. Осындай, игі істердің басы-қасынан үнемі табылатын Жұмағали бауырымызға зор денсаулық, отбасына амандық тілеп, өсіріп отыран ұл-қыздары мен немерелерінің рашатын көрсін деп тілейміз.

Заман қанша өзгерсе де, әлем халқы төртінші индустриялық революцияға көшіп жатса да, мұсылмандығынан айырылмаған қазақ – әрқашан қазақ болып қалады. Тектіліктің тереңдігі және ерек қасиет, жетімі мен жесірін жылатпағандығы. Қара қазан, сары бала қамы үшін ерге қонған рухы қазақты әрдайым абыройдың биігінде ұстап жүрсін деген тілегіміз бар!»

Иә, елінің елеулісі, халқының қалаулысы деп әдетте осындай, Жүмекең сияқты арда азаматтарға қатысты айтылады. Қарабұлақтың дәу жүректі қариясы Дәукеңнен артып не айта берейік, Жұмағали Шардарбекұлындай атымтай-жомарт ағаларымыз бен інілеріміздің қатары көбейсін!

Данияр БЕК.

Хабарландыру!

Ауыл, кент округі әкімдеріне, ауыл, кент округі ардагерлер кеңестерінің төрағаларына!

Созақ аудандық ардагерлер кеңесі мен аудандық орталық аурухана әкімшілігі, ардагерлер ұйымы республикалық қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына және 1 қазан – Халықаралық қарттар күніне орай, ардагер-

лердің денсаулығын жақсартуға бағытталған «Белсенді ұзақ өмір» атты бағдарламаға сәйкес бірлескен «Ашық есік күнін» 2022 жылдың 26 тамыз күні сағат 10:00-де аудандық емхана ғимаратының алдында өткізеді. Ардагерлерді түрлі сала дәрігерлері қабылдап, денсаулықтарын тексеріп, ақыл-кеңестер береді және емдеу шараларын жүргізіп,

дәрі-дәрмек тағайындау жұмыстарын жүргізеді.

Ауыл, кент округі ардагерлерін хабардар етіп, ауылдық дәрігерлермен бірлесіп отырып, емделем деген ардагерлерді аудан орталығына жіберулеріңізді сұранамын.

Қ.ЕСПЕНБЕТОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Қазақ халқының өткен тарихындағы бір белес болып саналатын ХХ ғасырдың бас кезі дауылды әрі дүрбелеңді болды. Қазақ елінің тағдыры сынға түсті. Осы жылдары еліміздің ертеңін ойлаған, тәуелсіздік үшін күреске шыққан алаш қайраткерлері атқа мінді. Алаш ардақтыларының ішінде тәуелсіздік тарихындағы Ұлы тұлға Ахмет Байтұрсыновтың орны тым бөлек еді. Ұлт ұстазы туған елінің тәуелсіздігі жолындағы күресте көш бастады. Өзінің қайраткерлік қызметі мен әдеби мұралары арқылы туған елінің тағдырына алаңдап, еліміздің жайында жатқан қазақ баласын оятуға әрекет етті. Ақын мұралары туған елінің рухани әлемін ояту жолында қалтқысыз қызмет етті.

Аз-кем шегініс. Қазақ елінің тарихы кешегі кеңестік қоғамда қатты бұрмаланды, соның ішіндегі «Алаш» партиясы, қозғалысы, олар құрған үкімет жайында да тым теріс, жалаң айыптауларға толы түсінік қалыптастырды. Сан алуан оқулық, зерттеулерде, монографиялық еңбектердегі қиянаттар бірінен-бір асып түсіп жатса, тіпті энциклопедиялық

латұлы «Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты», «Қазағым енді жату жарамас-ты!» деп ұран салды.

Ахмет Байтұрсынұлы - тәуелсіздік төріндегі Ұлт ұстазы болып ғұмыр кешті. Ұлы ұстаздың бұл қасиетін, ел алдындағы еңбегін, осы жолдағы күрескерлік рухын сол бір аласапыран кездің өзінде-ақ бағалап, айтып кеткендер аз болмаған. ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдары, дәлірек айтқанда 1923 жылы ұлы ұстаздың 50 жасқа толу тойы аталып өтті, осыған орай қазақ әдебиетінің «қызыл сұңқары» атанған ақын Сәкен Сейфуллин «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген тақырыпта мақала жазды. Кеңестік қоғамға құлай сенген, алаш партиясы жайлы мүлдем қарама қарсы көзқарастағы қайраткер былай деп жазды: «Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың



Нариман НҰРПЕЙІСОВ,

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты.

бар ма? Бар болса кім?» - деп сұрақ қойды. Ұлт әдебиетінің, ұлт мектебінің негізін қалаушы кемеңгерлер туралы айтқан С.Қожанов пікірінің дұрыстығын уақыт кеш те болса дәлелдеді. Ол сол кездің өзінде-ақ «жоқты жазып, бар әдебиет маңайын былапыттайтындардың» жақындығы мен жалақорлығын әшкереледі. Үлкен жүректі азамат, әдебиетті, сөз өнерін сүйді, әсіресе төл әдебиетіміздің көшбасында тұрған ұлы тұлғалар Абай мен Ахметті, Мағжанды сүйді, замана дүмпуінен теперіш көре бастаған алаштықтарға алғашқылардың бірі болып, қолын созды, қорғап жазды және осы әрекеттері үшін сан мәртебе соққы жеді, ақыры мерт болды.

Ахмет Байтұрсынұвтың өмірі мен шығармашылық өнері, ұлттық рухты оятып, азаттық аманатын алаш жұртына жан-жақты жеткізетін еңбектің бірі де бірегейі «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты тарихи еңбек. Алғаш рет 1932 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген, Алаш зиялыларының өмірбаяны мен шығармашылық өнерін сарапта салып, кеңінен талдайтын кітап

Ахмет Байтұрсынұлы - тәуелсіздік тарихындағы Ұлы тұлға

анықтамалықта да әділетсіз пікір, дәйексіз дәлелдер келтіріліп жатты. Мысалы: «Алаш» - буржуазияшыл-ұлтшыл партия. Қазақ аулындағы феодал-байлардың, кертартпа дін басыларының және буржуазияшыл-ұлтшыл интеллигенцияның оңшыл тобының мүддесін білдірді». Бұндай әділетсіз байлам алаштың қозғалысы мен үкіметіне де осы тұрғыдан берілді. Өкініштісі сол мемлекеттік деңгейдегі анықтамалық осылай деп түсіндірген соң басқаға не жорық, дәл осы түсінікпен әлденеше ұрпақ тәрбиеленді. Академик Рымғали Нұрғали атап көрсеткендей: «Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, Алашорда өкіметі туралы тарихи шындық бұрмаланып, қып-қызыл өтірік айтылып келді. Ең бастысы Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тиым салынды».

Тәуелсіздікпен бірге тарихымыздағы ақиқаттар қалпына келтіріліп, «ақтаңдақтар» ашыла бастады, соның бірі «Алаш» тарихына қатысты да әділеттілік орнады. Алаш ұранды әдебиеттің биігінде тұрған тұлға, аса ірі мемлекет қайраткері, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұвтың шығармашылық мұраларындағы тәуелсіздік идеясы - өте маңызды, қасиетті қағидаттар. Өткен ғасырдың 1905 жылдары-ақ негізі қаланып, ғасыр басындағы аласапыран, төңкеріс кезінде өздерінің күрескерлік рухымен тарих аренасына шыққан алаштықтарды отаршылдық пиғылы Ресей империясынан да асып түскен большевиктер қоғамы мүлдем тұншықтырып тастады. Соған қарамастан Алаш қозғалысына қатысқан аяулы тұлғалардың дені ұлт мүддесін биік қойған іс-әрекеттерімен күрес жүргізді және өздері қуғын-сүргіннен көз ашпай жүрсе де ұлттық рухты оятатын әдебиет, публицистика, ғылым саласында мол мұра қалдырды.

ХХ ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық көтерілістер, азамат соғысы, аштықтың етек алуы сияқты зұлматтар қазақ елін тарих аренасында не бар ететін, не жоқ ететін жағдайларға әкеліп тіреді. «Өлім ұйқысы» құшағында жатқан халықтың құлағына Ахмет Байтұрсынұв «Маса» болып ызыңдады, «қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша» қайтпай әрекет етті. Міржақып Ду-

қақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді». Қалың қазақтың ұлттық намысы мен арын жоқтаған Ахмет Байтұрсынұв жайында осы мерейтой аясында жазылған сан алуан пікірлер болған. Соның ішінде ХХ ғасырдың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Алаштың ардақтысы» деп аталатын еңбегіне

Ахаңның қайраткерлігі, туған елінің тарихынан алар орны жайында айтылған ойлардың алар орны ерекше. Ұлы ұстаз жайында тек қана ақын-жазушылар ғана емес мемлекет және қоғам қайраткерлері де үнсіз қалмады. Осы кезеңде өз халқының ұлы ақындарына тек қана таптық сарынмен баға беріп, әсіресе алашордашылар дегенде тіпті теріс атқа мінетіндерге ұлтын

кеңестік жүйенің қисынына келмей, қатты сынға ұшырап, қайта басуға, оқуға тиым салынды, сөйтіп төл әдебиетіміздің «ақтаңдағына» айналуы өкінішті-ақ.

Сәбит Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты кітабы үлкен-үлкен екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім «Әдебиеттегі ұлтшыл, байшыл дәуірдің сыны» деп аталса, екінші



соқпай кету мүмкін емес, ендігі ретте аталған еңбектегі түйінді ойға назар аударсақ: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран - «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын», - деп баға беретін жазушы пікірінің мәні зор, шынында да біз біршама уақыт алаш ардақтыларын ұмыттық, ұмыттырды, естен шығардық, шығарғызды, ал тарих төреші ұмыта қоймапты, соған көзіміз енді жетті.

Осы бір аласапыран жылдары,

сүйген ұлы тұлға Сұлтанбек Қожанов: «Қазақтар арасындағы революция туралы мәселе қозғалғанда Абай Құнанбаев пен Ахмет Байтұрсынұвты айналып өтуге болмайды. Қазіргі революционерлердің барлығы да Абай мен Ахметтің шәкірттері болып табылады» - деп жауап беріп, шәкірттік пейілмен сүйсіне жазды. Атақты Ахаңның 50 жасқа толу мерекесі қарсаңында «Ақ жол» газетінің 1923 жылдың 4 мамырында айтылған бұл пікірдің келесі бір жалғасы 1924 жылғы 3 сәуіріндегі «Жақындық па, жалақорлық па?» атты айтыс мақалада жалғасын тапты. «Қазақ жазба әдебиетінің ағасы Абай болмаса, Ахмет болмаса, кім болады? Басқа да аға

бөлім «Ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары» деген атпен берілген. Автор «Ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары» қатарында А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, О.Қарашұлы, М.Жұмабайұлы, С.Торайғырұлы, С.Дөнентайұлы, Б.Күлейұлы, М.Әуезұлы, Ж.Аймауытұлы сынды әдебиет өнерінің биік тұлғаларын зерттеу нысанына алады. «Ұлтшыл-байшыл дәуірдің ақын-жазушылары» деп аталатын екінші бөлім Байтұрсынұлы Ахмет Байтұрсынұвтан басталған. Сәбит Мұқанов А.Байтұрсынұлы жайында келесі мәселелерге кеңінен тоқталған: «Өмірі», «Қырық мысал», «Маса», «Басқа қызметтері».

Зерттеуші С.Мұқановтың атақты Ахмет Байтұрсынұлының «Өмірі» туралы айтқанда мынаны аңғардық. 1988 жылы ғана толық ақталған ақынның өмір жолы, қоғамдық қызметі жайында біршама білім қалдық. Ал енді сол деректердің негізгі көзі С.Мұқанов зерттеуі екенін қапысыз көруге болады. Қай жылы, қай жерде дүниеге келді, ата-бабасы кім, олардың басына түскен қиянат, қуғын-сүргін, жетімдік, жоқшылық тақсыреті, «Анама хат» өлеңінің дүниеге келу себептері, сондай-ақ қоғамдық қызметке араласқаннан кейінгі сан алуан қызметтері, «Қазақ» газетін шығарудағы жанкешті ерлігі, «Алашорда» партиясын құрушылардың бірі екенін айта келіп, әйгілі тұлғаның, қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігіне сіңірген еңбегі жайында, бүгінгі күні де баға жетпес мына қасиеттерін атап өтеді. Сәбит Мұқанов былай дейді: «Кеңес үкіметімен сөйлес қылғаннан кейін, Ахмет Алашорда мүшелеріне, көсемдеріне көшірім жариялатқан: содан кейін Қазақстан автономиясын ашу мәселесін сөйлесіп, автономия берілетін болғаннан кейін Орынборға келіп, партияға кірген».

Осы арада есте ұстайтын екі ақиқатты автор қапысыз көрсеткен: бірі – алаштықтарға көшірім жасату, екіншісі – қазаққа автономия әперуі. Білімі мен парасаты, қайраткерлігі мен қажырлылығының арқасында Мәскеуге дейін барып, большевиктер көсемі Ленинмен тең дәрежеде сөйлесіп, туған елінің арда ұлдарына, яғни алаш қайраткерлеріне ең алдымен «көшірім» әперді, ең бастысы бодан елінің бостандыққа ұмтылған тілегін оятып, автономияға қол жеткізді. Қатыгез қоғам бұл «көшірімді» араға он жыл салып ұмытты, алаш туралы көзқарас мүлдем басқа қисынға кетті. С.Мұқанов Ахаң сынды ардақты жанның қайраткерлігін, ел алдындағы еңбегін таныды және де елге жау үшін осы еңбегін жазды. С.Мұқанов сынды зерттеуші негізінен алғанда Ахмет Байтұрсынұлының басты-басты екі кітабына, яғни

«Қырық мысал» мен «Масаға» талдау жасайды. Жазушы-зерттеуші: «Маса» тұсында Ахметтің істейтін ісінің програмасы ашылды. Ол қазақ елін орыс отаршылдарына қарсы көтерту. Бұл үшін Ахмет қазақты оятуға тырысты. Оятуға құрал қылған нәрсесі – қазақтың ескі өмірін дәріптеу, отар болған өмірдегі кемшілігін көрсету, оятып ел қылу, ел қылу үшін мәдениеттендіру» деп келетін пікірден-ақ С.Мұқановтың ұлт әдебиетіне деген адалдығын анық аңғаруға болады. Зерттеуде автор байшыл-ұлтшыл дегенді жиып қойып, ұмыт қалдырып, жан-тәнімен талдайды, әсіресе Ахмет Байтұрсынұнов өлеңдерінен мол мысал келтіре отырып, жоғарыда көрсеткендей отарлық езгіні, орыс өктемдігінің обыр әрекеттерін ашы айтудан қаймықпайды. Туған халқын тәуелсіздікке жеткізу, азат ел болу идеясына шақырады. Ақынның «Жиған-терген» өлеңіндегі:

Ұйқышыл жұртты
Түксиген мұртты
Обыр обып, сорып тұр.
Қазағым, өлім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзінді жанып, - дейтін жан айқайды, Ахмет Байтұрсынұновтың туған елінің тағдыры жайлы тебіренген ащы зарын халыққа қапысыз жеткізді. Ақын шығармаларындағы азаттық ой, тәуелсіздікке жету жолындағы қилы-қилы тағдырды баяндаған зерттеушінің «Маса» жинағы жайындағы түйін төмендегідей: «Осының бәрінде Ахметтің айтайын деп отырғаны: еліңді орыс алды, жеріңді орыс алды, ел болудан қалдың, бұдан құтылмасаң жарық сәуле жоқ, деген сөздер» деп бір түйсе, одан әрі «Осы сөздерді Ахмет жарқылдатып айтпай, көмескілендіре берді. Ахметті іле-шала шыққан ақындар Ахметтен көрі бұл мәселеге ашығырақ, қаттырақ кетті» деп келесі бір ойға меңзейді.

Қазақ халқының бостандық, тәуелсіздік жолындағы күресте

жүздеп, мыңдап құрбан болғандар болды. Соларының бір шоғыры ғасыр басындағы алаш ұлдары - А.Байтұрсынов, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты аяулы тұлғалар. Өмірін де, өнерін де күрес жолына, қазақ елінің азаттық жолына арнаған бұл қайраткерлердің қайсыбір шығармасын оқысаң да азаттық рухы мәнмәңдалап тұрады. Бұл ақындар өз ұлтының «талауға түскен малына», «қамауда қалған жанына» жаны ашып, оянуға шақырып, оятуға әрекет етеді.

Халқымыздың қадірлі Ахаңына айналған А.Байтұрсынов өзінің «Жиған-терген» атты шығармасында:

Түн етіп күнін
Көрсетпей мінін
Оятқызбай қорып тұр.
Обыр болса қамқорың,
Қайнағаны сол сорың, - дейді.

Шын қасіреттің қайдан келе жатқанына ұйқыдағы жұртты «түкті», «мұртты» обырлардың қалай қорып, «қамқор» болып тұрғанына, соры қалың халқының шын жанашыры А.Байтұрсынов ерекше күйінеді. «Нұлы жерден», «сулы көлден» айырылған қазақ елінің бостандыққа жетер күнін аңсайды.

Бодандық қамыты ұлтымыздың атауына дейін өзгертті, кем көріп, кемсітіп «киргиз» деп атады. Ұлт ұстазы осы кезеңде ұлттың өз атын, ұранын асқақтатып «Қазақ» газетін (1913-1918) шығарды. Тарихи газеттің ең алғашқы санында шығарушы әрі редактор Ахмет Байтұрсынов былай деп жазды: «...Өзіміздің елімізді сақтау үшін, бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін оқуға ұмтылу керек. Өз алдына ел болуға, өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай,

біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті». Тәуелсіздіктің тірегі, берік ұстыны тіл мен әдебиет жайында айтылған бұл аманаттың жүгі ауырламаса, жеңіл болып тұрған жоқ. Хат жазуды қойып, жат тілде сөйлейтіндер көбейіп тұр, «жаман әдет» өршіп келеді.

Алашордалықтар, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов арман еткен тәуелсіздікке XX ғасырдың соңында ғана қол жеткіздік. Тәуелсіздік жолындағы күреске ғұмырларын арнаған алаштықтардың басынан қауып-қатер бір күн де кеткен емес, оған тарих куә. Олардың жанкешті күресі арқылы қолымыз жеткен азаттықты да қандай қауіп-қатерден болса да қорғауға енді біз дайын болуымыз керек. Қаншама ғасырлар бойы күткен, сол жолда қаншама зұлматтарды, қасірет пен қайғыны басынан кешірген, ең өкініштісі сол тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтар қаншама. Демек, сол тәуелсіздік жолында күреске шыққан, саяси партия құрған, алаш ұранды әдебиетті дүниеге әкелген, ең бастысы ұлттық ояну мен ұлы мұраттарға толы тәуелсіздікті ту етіп халық көсемдері бола білген аяулы азаматтарды үнемі есте сақтап отыру, рухани дүниеміздің төрінде ұстау бүгінгі азаттық арманына қолы жеткен бақытты ұрпақтың басты парызы болуға тиісті.

Түйіндей айтқанда, азаттықты армандаған алаштықтардың, тәуелсіздік тарихындағы Ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынұновтардың рухын ешқашан да ұмытпауымыз қажет, сол арқылы кешегі тарихты, бүгінгі бірлікті ойлаған ардақтылар аманатын бәріміз бір кісідей орындауымыз керек, сонда ғана ұлттың ұлы мұраттары жүзеге асады, мәңгілік ел боламыз.

БЖЗҚ Сұраңыз, жауап береміз

Сәлеметсіз бе! Мен келесі жылы жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары енгізілетінін оқыдым, алайда, менің білуімше, қазірдің өзінде кейбір мамандықтар бойынша еңбек етіп жүрген қызметкерлер үшін қосымша 5% төленеді. Бұл туралы толығырақ айтып берсеңіз

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ)-агент (жұмыс беруші) еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын өз жұмыскерлерінің пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі – БЖЗҚ) өз қаражаты есебінен аударатын ақша. Кәсіптер мен лауазымдардың, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген. МКЗЖ мөлшері жұмыскердің табысының 5% құрайды.

Егер жұмыс беруші Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде арнаулы салық режимі қолданылатын шаруашылық жүргізуші субъект болмаса, МКЗЖ ұлттық валютамен табысытөленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей төленеді. Мемле-

кеттік кіріс органдары МКЗЖ аударылуын бақылайды және егер жұмыс беруші қаражатты қызметкердің шотына уақытылы аудармаған жағдайда, жұмыс берушіден қаражат өндіріп алынады, олар мерзімі өткен әрбір күн үшін есептелген өсімпұлмен БЖЗҚ-дағы шотына аударылады.

-Қазір көптеген компаниялар жеке куәліктің цифрлық көшірмесін қабылдай бастады, БЖЗҚ-да бұл жағдай қалай болуда?

-БЖЗҚ заманауи трендтерден қалыс қалмайды, міне, бірнеше ай бойы стандартты жеке куәлікпен қатар, оның цифрлық көшірмесін де пайдаланып келеді.

Бүгінгі таңда жеке зейнетақы қызметтерін БЖЗҚ-дан жеке куәліксіз алуға болады. Ол үшін eGov Mobile мобильдік қосымшасында жеке куәліктің цифрлық (электрондық) нұсқасы болса жеткілікті.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің электрондық нұсқасымен БЖЗҚ бөлімшелеріне өзі келгенде:

жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу;

деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау).

зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға болады.

Жеке куәліктің цифрлық (электрондық) нұсқасын БЖЗҚ бөлімшелеріне тікелей өзі келгенде пайдалануға болатынын атап өтеміз.

«Созақ үні»-ақпарат.

Түркістан қаласында «Ауылдық жерлерде үкіметтік емес ұйымдарды дамыту» облыстық форумы өтті



Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен Түркістан облысының Азаматтық Альянсы ЗТҚ нысанындағы бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ауылдық жерлерде үкіметтік емес ұйымдарды дамыту» тақырыбында облыстық форум өтті.

Форум аясында облыстағы 17 аудан, қаладағы үкіметтік емес ұйым өкілдерінің қатысуымен түске дейін «Жергілікті өзін-өзі басқаруды ауылдық жерде дамытудағы ҰЕҰ-ның рөлі» және «ҰЕҰ-дың халықаралық ұйымдармен өзара байланысы арқылы тұрақты дамуы» тақырыптарында секциялық семинар ұйымдастырылды.

Аталған семинарды «Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянсы» ЗТБ Президенті Ахметова Жібек Аманбайқызы мен Қызылорда

облысы «Азаматтық Альянсы» ЗТҚ бірлестігінің Президенті Ізден Анар Жарылқасынқызы жүргізді.

Форумның мақсаты Ауылдық жерлердегі үкіметтік емес ұйымдардың бастамаларын қолдау, олардың сауаттылығын арттыру. Өздеріңіз білесіздер, қазіргі қоғам көз ілеспей дамуда. Міне, сол азаматтық қоғаммен бірге біздің үкіметтік емес ұйымдарымызда қатар дамуы қажет, билік пен халықтың ортасын жалғай отырып, халықтың әл-ауқатын дамытуға өзіндік септігін тигізе алатын, қарапайым халықтың тыныс-тіршілігін билік өкілдеріне таныстырып, олардың да дамуына үлес қосатын бастамашыл топтардың бірі болуын көздейді.

Нұржамал МАЙУСОВА.

Құлыншақ ақынның шырақшысы

(Құлыншақтанушы Рысқұл Рысжановтың туылғанына 100 жыл)

**(Соңы.
Басы өткен санды).**

-Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстанның құрметті журналисі Өтеш Қырғызбаев өзінің «Жамбыл пір тұтқан Құлыншақ ақын» атты мақаласында «Кеңес үкіметі жылдары Құлыншақ Кемелұлының өмірі мен шығармашылығына талдау жасауға, оның әр кезеңде, әр жинақта шашырап жүрген туындыларының, ол туралы ғалымдардың әр кездегі ой-пікірлерінің басын біріктіруге талпыныс жасалмағаны белгілі. Бұл мәселеге тек тәуелсіздік жылдары ғана көңіл бөлініп, әр жинақта, газет, журнал бетінде шашырап жүрген ақын шығармаларын жинау қолға алынды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратау өңірінде өмір сүрген, заманында аса танымал болған дүлдүл ақын, қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі Құлыншақ Кемелұлы суырыпсалма ақындық өнерімен, табанда тауып айтар мазмұнды уәж, мағыналы сөздерімен өзі өмір сүрген ортада, замандастары арасында аты асқақтап, алысқа кетеді. Ақын туындыларын насихаттауға әр жылдары зерттеуші-ғалымдар Рахманқұл Бердібай, Ханғали Сүйіншәлиев, Нысанбек Төреқұлов, Дандай Ысқақұлы, Әсілхан Оспанұлы, өзге де қаламгерлер үлес қосты. Өткен заманның небір аласапыран кезеңінен өтіп, шығармалары халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасу себебін — туындыларының өміршеңдігінен, халықтың арман-мақсатын шебер тілмен, ұтымды оймен жеткізе білуінен іздеген жөн. Құлыншақ Кемелұлы туралы мәлімет жинауға ақын өмір сүрген ортаның да едәуір көмегі тиді. Атап айтқанда Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы «Жартытөбе» ауылында тұрған Рысқұл Рысжанов ақынның өмірінен мәлімет жинауға, белгісіз болып келген өлеңдерін жарыққа шығаруда ұзақ жыл жалықпай еңбек етіп, кезінде бірталай шаруа тындырды. Құлыншақтың шығармашылығын насихаттауда ақын өмір сүрген ауданның тумасы, белгілі радиожурналист Ғалым Есенсариевтің және журналист-зерттеуші Алмас Ақылбектің айтарлықтай еңбек сіңіргенін атап өткен жөн. Осы азаматтардың мұрындық болуымен және зерттеуші, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Саттар Өмірзақовтың баспаға дайындауымен Құлыншақ Кемелұлының шығармалары мен ол туралы зерттеулер Оңтүстік Қазақстан облысының тарихи, рухани мұраларына арналып, осы облыс әкімдігінің бастамасымен және демеушілігімен (идея авторы және көптомдықтың жалпы редакциясын басқарушы белгілі ғалым, ұлтжанды азамат, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметов) шығарып келе жатқан көптомдықтың 96-шы томында жарық көрді-деп жазады.

Құлыншақтың суреті өмірге қалай келді? Құлыншақ ақынды іздестіру жұмысы ауданда емес, алғаш рет Жартытөбе ауылында 1990 жылдары қолға алына бастады. Құлыншақ ақын туралы жалпы ақпараттардан хабар ғана болмаса іштей жақын тарта іздестіру жұмыстары болған жоқ десек те болады. Тіпті, ақын шығармаларын іздеудің өзі кейінірек қолға алынды. Оған себеп Құлыншақтың халықтық ақын болуында еді. Егемендікті, тәуелсіздікті ашық армандап өткен ақын, осы Құлыншақ еді. Ол уақытта Құлыншақ ақын туралы мәліметтерді шынын

айтқанда жергілікті ұстаздар, жергілікті ақындар мен шығармашылыққа жақын азаматтар жинастыра бастады. Олардың бұлай ақын шығармаларын сарыла іздеуіне себеп сол жылдары ақынның 150 жылдық мерей тойы өту керек болатын. Құлыншақ ақын шығармаларын жергілікті ұстаздар Ұлы Отан соғысының ардагері Рысжанов Рысқұл ақсақалдан там-тұмдап алған еді. Өзім Рысжанов Рысқұл ақсақалды жақсы білетін едім. Әрі ол кісімен бірнеше мәрте дәмдес болдым. Әңгімесін асықпай баппан, саралап айтатын кісі болатын. Сол уақытта аудан басшыларына жиі кіріп, жүретін. Ондағы мәселелер осындай ел аузында, ел есінде қалған шығармашылық адамдары туралы білгендерін айтып жүретін. Өзі көп кітап оқығандықтан ба терең білімді, ой ойлау, сөз сөйлеу бейнесі бөлекше жаралған жан еді. Міне, Құлыншақ шығармашылығынан хабар білгісі келетіндер осы Рысқұл ақсақалға баратын. Біз қыркүйек айында Құлыншақ Кемелұлы атындағы жалпы орта мектебінде мектеп оқушыларымен кездесіп, ақынның шығармашылығы мен өмір жолы жайлы әңгіме сұхбат жүргізгенімізде ақынның ең кенже ұлы Исаханның қызы Жәмиланың Жаңатас қаласында тұратынын естіп білдік. Жәмиланың апаның айтуынша әкесі Исахан дастархан басындағы әңгімелерінің бірінде өзін бауырларының ішінде сыртқы бейнесі Құлыншаққа тартқан ұл екенін айтып отырады екен. Сол Исаханның суретін қолдарына ала отырып, Құлыншақ Кемелұлы атындағы орта мектептің еңбек пәнінен сабақ беретін Рысжанов Рысқұл қарияның баласы Рыскелді мен осы мектептің сызу, бейнелеу сабағының мұғалімі Сәрсенов Бекзат есімді азаматтар Құлыншақ ақынның суретін Исаханның суретіне қарап отырып сызып шығады. Бұл жөнінде Шолақорған ауылында тұратын жеке кәсіпкер атанған азамат, бұрынғы мұғалім Бекзат ағамен азын аулақ әңгімелескен едім.

-Расында бізді яғни Рыскелді екеумізді сол уақыттағы мектеп директоры Садық Әбдірашов шақырып алып, биылғы жылы ақын Құлыншақ Кемелұлының 150 жылдығы ресми түрде аудан бойынша аталып өтетінін соған ақынның немересі Исаханның суретіне қарап отырып, ақынның шынайы бет бейнесін салып шығуды жүктеді. Бұрын соңды өмірде болғанымен, өзіміз өмір бақи көрмеген адамның суретін салу деген қиынның қиыны еді. Ама! жоқ тапсырма солай мектептің еңбек пәні мұғалімі Рыскелді екеуміз сурет салуды бастап кеттік. Арасында Рысқұл көке келіп көріп, кетеді. Исахан суретке жалаң бас қалпында түскен. Ал біз жалаңбасқа әдемі сұқсыр бөрік кигізуіміз керек. Әйтпесе тура Исаханның өз суреті болып шығатын түрі бар. Не керек біз суретті айтылған, тапсырылған мерзімде салып бітірдік. Ақынның басына бөрік кигізілді, шапаны зерленді, шамалы сұсын да келтіруді ұмытпадық. Өйткені Исахан көкеміздің өңі жылы кісі болатын. Біз ақынға тән бір құпия мінездің байқалатынын ақырын аңғартқандай болдық,-дейді Бекзат аға. Бүгінде жалпы қазақ жұртшылығы ғана танымал бөрікті Құлыншақтың суреті өмірге осылай келген еді. Сонымен бірге, осы суреттен шақыру қағазының сырты әрленіп, алдыңғы бетіне орналастырылды. Бұл сурет соңғы жылдарға дейін аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының ішіндегі қабырғада ұзақ жылдар ілініп, келімі-кетімі қонақтар мен аудан тұрғындарының назарына



іліккен еді. Біздің білуімізше осы суреттің жобасына қарап отырып, ақынның ескерткіші де осы сурет арқылы өмірге келгенін біреу білсе, біреу білмес. Бұл 1990 жылдары болған әңгіме еді. Бұл әңгіменің негізгі арқауы да ақынның нағыз бет-бейнесін келтіру туралы бұдан бұрын да тапсырманың болғандығы еді. Бұл 1987 жылдары болатын. Суретші ақын, Әділхан Мәлік есімді ағамыздың осы сурет салу мәселесінде жұмыс жасағаны белгілі еді. Бұл 1987 жылы болатын дейді Әділхан Мәлік өз естелігінде қысқа хабарына мініп, жергілікті тұрғындары ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап тұрған кез болатын. «Отырар» археологиялық мұражайының директоры Асантай Әлімов мені өз бөлмесіне шақырды.

-Әй, бала сен саңғыл екенсің деп әңгімені төтесінен бастаған Асантай ағамыз маған ақын Құлыншақ Кемелұлының суретін салуды тапсырды деп өткен жылдар белесін еске алады. Реставратор-суретші Әділхан Мәлікке осылай тапсырма берілген еді. Асантай аға Әділхан інісіне етінішін жеткізе отырып, Сол жылдары Теріскей еліне табан тірейді. Бұл әйгілі желтоқсан көтерілісінің соңына таман «халық жауларын» май шаммен іздеп жүрген уақыт еді. Құлыншақтың өзі де уақытында билікке, оның әділетсіз тірлігіне, өзі мақтанш тұтатын мемлекетінің егемендік алуын армандаған ірі тұлғалардың бірі еді. Оның үстіне Құлыншақ кеңестік идеологияның шырмаулы жылдары еді. Құлыншақтың артында бірде-бір фотосы қалмаған. Сен Теріскей еліне барасың, дәлірек айтқанда Созақ ауданына барасың. Ақынның көзін көрген, аузынан жырын тыңдаған бірлі-жарым ересек азаматтар мен көзі қарақты қариялар кездесіп қалуы мүмкін. Солардан сұрастыра жүріп ақынның нағыз портретін салып шығу керектігін білдім. Ел ішінде ақынның көзін көріп, сөзін естіген азаматтардан тағы іздестіріліп сұрастырыла бастады.

-Көне көз қариялардан сұрастырды. Айтылған нақты тапсырманы орындау үшін Құлыншақ ақынның бейне келбетін әркім-әркімнен көп сұрастырып іздейді. Жұрттың айтуынша ақынның кескіні келбеті Исаханға қатты ұқсайтыны осы жерде тағыда айтылады. Бір аптаға созылған іс сапардан кейін Құлыншақ ақынның нағыз келбеті дүниеге келеді. Суретті ақынның ұлы Исаханға қарап отырып салады. Әділхан Мәлік суретті тура бір ай ішінде салып бітіреді. Салған портретті Отырардағы мұражай қызметкері Абдулла Жұмашовқа тапсырады. Ал үшін-

ші жағдайда салынған тағы бір сурет бар болып шықты олар ғалым, жазушы Әсілхан Оспанұлының тапсырмасымен үшінші мәрте ақынның суреті салынады. Бірақ оның қандай дәрежеде салынғанын біле алмадым. Тарихта Құлыншақ ақынның беделді, көзі ашық, көкірегі ояу жан болғандығын жақсы білеміз. Бірнеше мәрте шет ел асып, дүниенің төрт бұрышын көрген жанның діни сенім-нанымға тәуелді жан болғандығына ешкім де сенбейді. Осы тұста тарихқа сәл шегініс жасасақ, жыр жүйрігі Жамбыл өзіне пір тұтқан ақындардың алыбы-жерлесіміз Құлыншақ Кемелұлының туғанына 150 жыл толуына орай алғаш рет Созақта сең қозғалған еді. Сол уақытта аудандық газеттің белсенді авторы, әдебиет жанашыры, Құлыншақ ақынның жерлесі Рысқұл Рысжанов көнекөз қариялардан өнеге өсиет, өлеңдерді, мазмұнды мақалдарды, ғибраталар әңгімелерді жазып алып жүргенінің зор пайдасы тиді. Оған сөзіміз дәлелді болуы үшін Рысқұл көкеміздің Бекмұқан Тәпиевтен жазып алған Құлыншақ ақынның «Ер жігіт он бесінде елім дейді» деген өсиет өлеңі аудандық басылымға жарияланған еді.

*Ер жігіт он бесінде елім дейді
Құлыншақтың әкемінің аты Кемел,
Қолыма домбыра алсам әруақ жебер.*

*Өмірден көргенімді жырға қостым,
Бағасын жақсы-жаман халық берер.*

*Дәм татып талай жерді араладым,
Ойға сап көп нәрсені шамаладым.*

*Қанша бар болса да бай—қалтырауық,
Кедейдей мерт адамды таба алмадым.*

*Көп көрдім жақсы қандай, жаман қандай,
Көп көрдім жомарт қандай сараң қандай.*

*Өзіне ішіп-жеуге қимайтұғын,
Сараңдар көп жияды арам малды-ай.*

*Ер жігіт он бесінде елім дейді,
Ел үшін еңбек етсе ерінбейді.
Жамандар он алтыда емес,
қырқында да,
Пайдасы елге тиер көрінбейді.*

*Жақсы әйел күйеуіне серік болар,
Ісімен ауыл-аймаққа еліне ұнар.
Үйіне қонақ келсе жатырқамас,
Ерінің әр қимылын көзбен ұғар.*

*Көз болса шайпау әйел бағы тайған,
Таусылар үйрете алмай амал-айлаң.
Үйіңе қонақ келсе, ұяларсың,
Орынсыз шу шығарса ел қу шайтан.*

*Жаман әйел топ ішінде беттен алар,
Көңілің суып оған да өкпең қалар.
Қорсылдап ешбір жанға жолай алмай,
Өз-өзінен бір күні шетте қалар.*

*Долданса өзіне-өзі келе алмаған,
Ашуын ақылына бере алмаған.
Халықта дана сөз бар қашаннан ақ,
Бетпақты құдайдағы жеңе алмаған.*

*Болған соң ақындық бір қасиетім,
Ұрпаққа бұл айтатын өсиетім.
Жақсы жағын сөзімнің ұғып алғын,
Жақсы сөз адамды өсіретін.*

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
Одағының және Қазақстан
Журналистер одағының
мүшесі.**

“Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат - лицей” коммуналдық мемлекеттік мекемесі биылғы 2022-2023 оқу жылына оқушылар қабылдайды

Аудан орталығында 1970 жылы сегіз жылдық болып ашылған №14 мектеп – интернаттың жарты ғасырлық тарихы бар. 1974 жылы он жылдық мектеп-интернат болып керегесі кеңейді. Осы уақыт аралығында аталмыш алтын ұядан түлеп ұшқан мыңнан аса шәкірттер Республика түпкірінде өз мамандықтары саласында шеберлік шыңдарына жетіп жүрген танымал адамдардың осы мектептің түлектері екенін мақтан етеміз.



1988 жылы көрнекті ақын, классик жазушы, көркемөнер шебері, әдебиет майталманы жерлесіміз Т.Әлімқұловтың есімін иеленді. Аудан әкімі Қуаныш Айтаханов мырзаның ұсынысымен 1994 жылдан бастап бұл мектеп лицей – интернат талабына сай қайта жасалып, оқушыларға жаратылыстану және гуманитарлық пәндер бағытында тереңдете оқытылып, эксперимент алаңы ретінде жұмыс жасады.

1997 жыл мектеп тарихында алтын әріптермен жазылған жыл болды. Яғни, облыстық білім департаментінің бұйрығымен лицей - интернат статусына ие болды.

Мектеп интернат - лицейі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарын үздіксіз тереңдетіліп оқыту процесін базистік оқу жоспарына сәйкес жүргізуге арналған жалпы орта білім беретін оқу орнының бір түрі.

Мектеп интернат-лицейінің мақсаты: аудан мектептеріндегі дарынды оқушыларды конкурстық негізде іріктеп алып, олардың шығармашылық қасиетін нақтылы ғылым саласындағы, күнделікті сабақтағы теориялық білімін жетілдіріп, жоғары оқу орындарына даярлау, тәрбиелеу.

Мақсат төмендегі мәселелер арқылы жүзеге асырылады: Балалардың шығармашылық ынталығын, белсенділігін ашу және оларға сол үшін ыңғайлы жағдай жасау;

Бір қалыпты динамикада оқушылардың жеке ынталығына нақты түрде диагностика жүргізу;

Оқушылардың әлеуметтік позициясы жағынан белсенділігін қалыптастыру;

Ауданның әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және жер табиғат жағдайына бейімделген жоғары интеллектуальды, адамгершілікті, өз маман кәсіпкерлерін, жоғары тұлғаларын дайындау;

Ұлттық және интернационалдық бірлікті салыстыру мен теңестіру негізінде салт-дәстүрлерін оқытып, дүние жүзі халықтарының дәстүрлерін құрметтеуге қалыптастыру.

Мектеп әкімшілігі.

Сыбайлас жемқорлық – заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүлктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүлктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа байланысты Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашасы-

азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін нығайтуға мүмкіндік береді. Тәуелсіз еліміздің қомақты бюджеті болуы жолында,

мекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке

Жемқорлық-індет, оны жою міндет

ның «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңында ескерілген, сонымен қатар басқа да заңда бекітілген сыбайлас жемқорлық немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті еліктіретін іс-әрекетке байланысты тәртіптер.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы салық органдарына аса маңызды құжат екені дәлелсіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бағдарлама жасап оны іске асыру жөнінде алдағы жылдарға іс шаралар жоспары жасалынған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік шаралар ұйымдастыру мемлекетіміздің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық саяси дамуы мәселелерін кең ауқымда шешуге бағытталғаны анық.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат

мемлекеттік қазынаның қаражатын молайта түсу үшін күресуде салық органдарының қызметкерлері аз тер төгіп жүрген жоқ. Денсаулық сақтау органдарының, халыққа білім беру меке-

меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапыздыққа ырық бермей отырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

Сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті түрі-парақорлық. Парақорлық деп пара алу, пара беру және де парақорлыққа делдал болуды айтады. Парақорлық жайлаған жерде тәртіп оңды солды бұзылады. Кейінгі зерттеулер нәтижесінде парақорлықтың кесірінен адамдарға қысым жасалатындығы байқалған. Парақорлық мемлекет мүлкіне қол сұғу, қызмет бабын жеке басының материалдық жағдайын жақсартуға пайдаланудың соңы, заң алдында жауап беруге мәжбүр ететіндігін ұмытпасақ екен.

Айсұлу САЙЛАУОВА,
«Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маман заңгері.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы. «Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімі аппараты» ММ. Сенім телефоны 872546/23-3-03, 23-3-43.

мерінің, зейнеткерлер мен студенттердің, басқа да толып жатқан халық топтарының тағдыры бюджетке байланысты екені хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», де-

Асқа шақыру



Жартытөбе ауылының тумасы, ардақты жан, мал шаруашылығы саласының ардагері, үлкен нағашы атам **Танабайұлы Дәулетбайдың**, 104 жасқа келіп, өмірден өткен **Дәулетбайқызы Қатша әжемнің**, жұбайым **Кенжеханқызы Алтынның** рухтарына бағышталып Жыныс ауылы,



Х.Досмухаммедов көшесінде 3 қыркүйек күні сағат 12:00-де ас беріледі. Асқа барша ағайын-туыс, құда-жежкат, атам мен әжемнің, жұбайымның көзін көрген жандарды шақырамын.

Асқа шақырушылар: шөбересі - Серік Жылысбаев, шөберелері, ұл-қыздары.

Жатқан жерің жайлы болсын жан әке

Жыныс елді мекенінің тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Мелдеш Дәужанұлының** өмірден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.



Асыл әке, аяулы әке ардақтым, Көтердің-ау ең ауырын салмақтым. Өміріңнің қысы мен жазында, Ұл-қызыңды қиясына самғаттым. Сен кеткелі көрсетпеді ай жүзін, Сен кеткелі барша әлем тіңгеуің. Рухыңа арнап құран бағыштап, Ас береміз ағайынға жиылып,-дей отырып, әкеміз Мелдеш Дәужанұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жежкат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 26 тамыз күні (25 тамыз – қонақ асы) Жыныс елді мекеніндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: жұбайы, ұл-қыздары, келіндері, күйеубалалары, немерелері.

Консервілеу барысында мына қағидаларды ұстаныңыздар!

Ботулизм - жалпы организмнің улануына әкеліп соғатын инфекциялық аурудың ауыр түрі. Ботулизм таяқшасы бөліп шығаратын улы затпен (токсин) бүлінген тамақтан жұғады. Ботулизмнің қоздырғышы адамның, жануарлардың және балықтардың ішек жолдарында болады. Топыраққа түскеннен кейін спораға айналып, онда бірнеше жыл бойы сақталады. Ботулизм адамдарға көкөністен, саңырауқұлақтан, еттен, балықтан технологиялық ереже сақталмай дайындалған әр түрлі консервіленген тағамдарды пайдаланғанда жұғады. Ауру белгісі 2-12 сағаттан кейін байқала бастайды, адамның басы ауырып, әлсірейді, құсады, аузы құрғап тұрады. Сонымен қатар көздің қарашығы ұлғайып, зат қосарланып көрінеді, адамның жұтынуы қиындап, бірте-бірте даусынан айрылады (афония). Ботулизмнің алғашқы белгісі білінісімен науқасты ауруханаға жатқызу керек. Оған жедел түрде Ботулизмге қарсы арнаулы иммунды сарысу егіледі. Бұл аурудан сақтау үшін азық-түліктерді өңдегенде, тасымалдағанда, сақтағанда, дайындағанда, соның ішінде үйде консервілегенде санитарлық-гигиеналық ережелерді мұқият орындау қажет.

Ботулизмнің алдын алуға негізгі іс-шаралардың бірі – ол ботулизм қоздырғышының (Сl.botulinum) шикізатқа түсуін болдырмау, жылы өңдеуден (стерилизациядан) дұрыс өткізу, споралардың вегетативті түрлерінің көбеюін болдырмау, консервіленген дайын тағамда токсиннің пайда болуына жол бермеу шараларын жүргізу. Үй жағдайында консервілеу кезінде ботулизмнің алдын алу үшін барлық ережелер қатаң сақталуы керек. Осыған байланысты консервілеу барысында үнемі шикізат сапасына қатаң қадағалау жүргізу керек.

-бұзылған жеміс-жидектерді, топырағынан тазартылмаған көкөністерді қолдануға тыйым са-

лу;

-сапасы жақсы ауыз су қолдану, шикізат пен көмекші материалдарды жақсылап жуу ағынды сумен жуу (топырақтан тазарту, ұрылған, бүлінген жерлерді кесіп тастау);

-консервілеуге жататын ыдыстарды (шыны банкалар) 10-30 минут стерилизациялау қажет;

-консервілеуге жататын өнімдерді шамамен 85-90 градус температурада термиялық өңдеу керек;

-ботулизмнің қоздырғышы қышқыл ортаны ұнатпайды. Сондықтан үйде консервілеу кезінде, рецепт бойынша сірке суын, лимон қышқылын қосу қажет;

-белгісіз сауда орындарынан, көше бойында орналасқан сатушылардан консервіленген өнімдерді сатып алмау қажет;

-егер банкалардағы сақтау кезінде қақпақтары ісінген белгілері болса, бұл консервілерді жеуге тыйым салынады;

-егер банка ішінде ауа көпіршіктері пайда болса немесе біртіндеп бұлдырлық пайда болса, оны дереу тастау қажет;

-аурудың қоздырғышы қайнату кезінде жойылады. Сондықтан жаңадан ашылған дайындамаларды (консервіленген банкаларды) тұтынар алдында 15-20 минут термиялық өңдеу ұсынылады.

Өзіңіздің денсаулығыңыз өз қолыңызда! Егерде жоғарыда аталған клиникалық белгілерді өзіңізден байқасаңыз міндетті түрде медициналық жедел жәрдем көмегіне жүгініңіз. Себебі, ботулизм аурушандығымен летальді жағдай (өлім жағдайы) орын алуы әбден мүмкін.

А.ӘБДИНАБИ,
Созақ аудандық СЭББ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің басшысы.

Таңмен таласа тұрған Айдос «Камаз» көлігін оталдырып алқапқа қарай сырғи жөнелді. Оның күндегі дағдысы осындай. Шөп дайындау науқаны басталғалы тізе бүгіп, бір дамылдаған жоқ.

Жаздың алғашқы күндері басталғалы бері темір тұлпарын тізгіндеп, Көкжонның шабындық алқаптарында еңбек етіп келеді.

Айдос Сайлаубектің жеке шаруашылық ашып, шөп дайындау жұмысымен айналысып жүргеніне бірнеше жылдың жүзі болды. Науқанға ол тыңғылықты дайындалады. Әуелі жеке меншігіндегі тракторын, орағын, шөптайлағышын, тырмасын, шөп оратын комбайнын, «Камаз» автокөлігін ретке келтіреді. Қосалқы бөлшектерін ауыстырып, ақауланған техникаларын жөндейді.

Расын айту керек, осы шаруаны қолға алған кездерде техниканың тілін онша білмей қиналғаны бар. Десе де жігерлі жас ақауланған техниканы өзі шашып тастап, қайта



ма адал еңбек ету керек екендігін құйып отырады. Атамның ақылын алғаннан жаман болғаным жоқ. Бойымнан еріншектік қасиетті аулақ ұстауға тырыстым. Нәтижесінде қазіргі кезде жұмыс жасауға әбден шыңдалдым.

Жаздың аптапты ыстығында, қыстың қытымыр аязында шаруашылықта жүріп іс жасау-оңай шаруа емес. Десе де еңбек ете жүріп, құрыштай шыңдалып, әбден пысыдым. Өзім ғана еңбекке піскенім жоқ бауырларымды да тәрбиелеп шыңдадым.

Биылғы жылы да жылдағы дәстүр бойынша мал азығын дайындау жұмысына белсене кірістік. Күндіз-түні күннің ыстығына қарамастан мал азығының берік қорын жасақтап үлгердік. Қыс маусымының қандай болатынын білмейміз ғой. Егер қыс қатал болса, төрт түліктің далада жайылуы қиындайды. Дәл сол кезде малға азық қажет болады. Сондықтан «Артық тастың ауырлығы

Шөптің мол қорын жасақтады

құрап жүріп, үйреніп алды. Әрине оңайға соққан жоқ. Нағашысы Сағынтай Қалханов механик-инженер еді. Сол азамат көп нәрсені үйретті. «Ерінбеген етікші болады» демекші Айдос та нағашысының қасында жүріп, техниканың қыры мен сырын үйренуден жалыққан жоқ. Нәтижесінде ахауланған техникасын қанттай етіп жөндеп алатын дәрежеге жетті. Бір жағынан оның техникаға әуестігі септігін тигізді дегуге болады. Темір тұлпарын кідіріссіз жүргізіп, науқандық жұмысты да, ауылдастарының қажеттерін де уақытты атқарып, көптің алғысын алып жүр. Алғыс арқалаған азамат өте елгезек әрі тындырымды еш уақытта адамның көңілін қалдырған кезі болған жоқ. Тәуліктің қай мезгілі болса да маңайындағыларға қолшын беріп, көмегін жасап, қайырымдылығын көрсетуден жалыққан емес.

Өзі қатарластары ауылда жұмыс жоқ деп жүрген кезде ол техникасын төңіректеп, тоқтатпай жүргізіп, шаруасын дөңгелетіп жүрді.

Биылғы жылы да дәстүрлі жұмысын әрмен қарай жалғастырып Батбақсу, Қарасай, Жыланды өңірінің шабындық алқабынан қыстың мал азығын дайын жұмысын жүргізіп келеді. Өзімен бірге бауырлары Мерей мен Ерасыл бірге еңбек етуде. Мерей трактордың құлағында ойнайды. Алқаптағы шөпті жапырып орып, еңбектің көрігін қыздыруда. Орылған шөпті тайлап, шөп тасушы жігіттерге дайындап беруде. Өткендегі шілденің аптапты ыстығында да жұмыстарында іркіліс болған жоқ. Алдарына қойған мейл жердің шөбін түгел орып алды. Әрине техникалардың кідіріссіз жүруін Айдос өзі қадағалап отырды. Техниканың бір бөлшегі ақаулана қалса, өзі қалаға барып тез арада алып келіп, оңдап ала қояды. Соның арқасында науқан кезінде техникалардың ақаулануы аз болды. Бір күні техника тоқтап қалса, пәленбай шаруа атқарылмай қалады. Сондықтан бұл мәселенің бірінші кезекте тұру керек екендігін Айдос жете сезінеді.

А. Сайлаубек өзінің шаруағы икем болуын атасынан алған тәрбиенің ықпалынан деп түсінеді. Ол жастай-

ынан атасының тәлімін, ақыл-кеңесін алып өсті. Немересін атасы кішкентай кезінен бауырына басты. Сол себептен болар әрбір шаруаға үлкен жауапкершілікпен қарауға қалыптасты. Жастайынан жұмысқа икем болды. Әсіресе шаруашылыққа жақындығын жас кезінен байқатты. Төртінші-бесінші сынып оқып жүрген кезінде-ақ үйіндегі қозы-тоқты бағу, астын тазалау, жем-шөбін беру сияқты шаруаларды тымпылдап жүріп өзі атқаратын. Еріну, бүгінгі істі ертеңге қалдыру сияқты жат әдеттерді бойынан аулақ ұстады. Атасына қолқанат болып үйдегі шаруаларды өзі атқарып тастайтын.

Мектеп қабырғасында жүрген сәттен бастап тындырымдылығын таныта бастаған ол уақыт өте шаруагер жас болып қалыптасты.

Ауылда өзі қатарлас балалар жұмыс жоқ деп жүрген кезде әкесінің техникаларын төңіректеп, маңынан шықпай жүріп, техниканың тілін меңгеріп алды. Оқып, жүргізушілік куәлікке қол жеткізді. Талапты жас ізденісте жүріп осы кәсіптің шынайы маманы болуды алдына мақсат етіп қойды. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» демекші осы саладан өз орынын табуға барынша күш жұмсады. Ол үлкен жүк көлігін жүргізумен бірге тракторды, шөптайлағышты, соқа, тырма сияқты техникалардың ақауларын жөндеуді үйреніп алды.

Ерте көктемнен бастап жазғы шөп дайындау науқанына дайындалу оның әуел бастан қалыптасқан дәстүрлі шаруасы. Айдос жусан иісі аңқыған даланың табиғатын өте жақсы көреді. Бұл оның еңбекке деген құлшынысын арттыра түседі. Ауылда өзі қатарлас жігіттердің бос жүргеніне кейде қатты қынжылады. Айтатындары: ауылда жұмыс жоқ дейді. Айдостың пайымынша жұмыс жоқ деп айтуға болмайды. Шаруашылықпен айналысуға толық мүмкіндік бар.

Айдос айтады: «Көптеген шаруақожалығының иелері көмекші шопан таба алмай жүрміз деп қиналыс білдіреді. Неге сол шаруашылықтарға барып еңбек етпеске деп ойлаймын. Бос сенденіп жүргенен гөрі оның елге де, өзіне де пайдасы бар екендігін неге түсінбейді екен. Өзіміз де шөп ору науқаны кезінде шөп ти-

ейтін адам таба алмай қиналамыз. Жасаған еңбегіне қарай еңбек ақы береміз дегенге де келмейді. Шынын айтқанда, қазіргі кезде кейбір жастар еңбек етуге ерінеді. Оларға айтар едім: жастарға жалқаулық жараспайды деп. Еңбек ету-адамды шыңдайды емес пе. Қазір «Алма піс, аузыма түстің» заманы емес. Сондықтан әрекет етіп, іс жасау керек екендігін ұмытпағанымыз дұрыс.

Жұмыстан қол босап ауылға андасанда барған кезімде достарымды еңбек етуге үндеймін. Мағжан Жұмабаев атамыз айтпақшы: «Мен жастарға сенемін» деп. Біздер туған жерді түлетпесек, гүлдендірмесек, еңбек етпесек бұл шаруаны кім атқарады. Ия, жастарға ойлану керек.

Жеке шаруа қожалық ашқалы бері отбасылық жағдайымыз жаман емес. Қолға төрт түліктің бәрін ұстаймыз. Әрине оны бақаннан кейін жем-шөппен қамтамасыз етуіміз керек. Сол үшін жаз айының әрбір күні жылға азық екенін жақсы түсінеміз де мал азығының мол қорын жасақтауға кірісеміз. Бұл жұмыс оңайлықпен атқарылмайтыны белгілі. Бәрі қаражатқа келіп тіреледі. Сондықтан өзіміздің малдардан артылған шөпті ауылдастарымызға қол жетімді бағада сатамыз. Шөптің мол қорын жасақтап, ауылға тасып, жинап аламыз. Қыс маусымы кезінде шөп аламын деген талапкерлер болса, жеткізіп береміз. Бұл жұмысқа әкем мен бауырларым да қалыптасқан. Жаз шыға дала қосында тұрып еңбек етуге өтіміз үйреніп кеткен. Ас-суымызды қамдап алып, Жонның бойындағы алқаптардан шөп дайындауға кірісеміз. Далада, дала қосында, еңбек даласында ішкен ас та сіңімді болады. Жұмыстан кейін даланың көусәр ауасын жұтып, атқарылған шаруаның нәтижесін көріп, рахат сезімге бөленесің. Сонымен қатар, көптеген кісілердің тапсырысын да орындап яғни шөптерін орып беріп алғысын алып жүрміз.

Жалпы, еңбек етемін деген кісіге жұмыс табылады. Адал бейнетке мені бала кезімнен атам баулыды. Өйткені, ол-еңбек адам. Көп жылдар бойы кеңшарда еңбек еткен кісі. Сондықтан ол күнделікті менің сана-

жоқ» демекші шөп қорын барынша мол етіп жинап жатырмыз. Аз күндерден кейін күз айы да басталады. Жиын-терімнің қызған шағы. Қолдағы бар техникамызбен мал азығын дайындау жұмысын қара күзге дейін жүргізе береміз деген ойдамыз. Әлі орылмаған біраз алқаптың шөбі бар. Мұндай қолайлы кезең алдағы кезде көп бола бермейді. Аз уақыттан кейін күн суытып, салқын түсе бастайды. Бізге қазіргі ұтымды сәтті тиімді пайдаланған абзал.

Өйткені дана халқымыз: «Жаздың әрбір күні жылға азық» деп бекер айтпаған ғой,-деді.

Мақаламыздың басында айтқанымыздай таңмен таласа тұрған Айдос шабындық алқабына қарай ат басын бұрып, алда атқарылар істі саралап тұрған сәтін тілге тиек еткен едік. Жазба барысында жас та болса ерен еңбегімен көпке үлгі болған азаматтың болмыс-бітімін, еңбек-қорлығын, өз ісіне шынайы берілгендігін, табандылығын, іскерлігін, қандай істі болмасын жапыра атқаратындығын баяндадық. Бұл арқылы еңбек қоғамында өзіндік із қалдырып, жастарға үлгі-өнеге болып, көптің алғысын алып жүрген азаматтың жарқын істерін бұқараға жария ету еді.

Осы жазбаны оқыған жастар еңбекке жұмылса, Айдос сияқты еңбекқор жастан үлгі алса деген мақсат болатын-ды.

Айдос Сайлаубек Құмкент ауыл әкімшілігіне қарасты Қызылкөл елді мекенінде жеке шаруа қожалығына жетекшілік етеді. Қарапайым шаруа отбасында өскен ол жастайынан өзіне еңбекті серік етті. Бұл жолды таңдағанына ол риза. Адал ісінің арқасында көпшіліктің құрметіне бөленіп келеді. Жастарды әрдайым ел игілігі ісіне жұмылдыруға көшбасшы болып жүр. Ауылдастарына еңбекқор азамат ретінде танылып үлгерген жайы бар.

Даланы дүбірлі еңбек нұрына бөлеп, қырдағы қызу жұмысқа асығып бара жатқан бейнетқор жасқа әрдайым биік белесті бағындыра бер деп тілек арнадық.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директордың міндетін
уақытша атқарушы:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
4000 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.